



Болашақ ұстаздармен әңгіме 100 нақты қадам - 5 институционалды реформа төңірегінде өрбіді

## Сот төрағасы студенттермен кездесті

Арқалық қалалық сотының төрағасы Көшербай Ақшалов Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының студенттерімен кездесу өткізіп, Президентіміздің 100 нақты қадамы 5 институционалды реформасы аясында Заң үстемдігін қамтамасыз ету жөнінде әңгіме өрбтті.

Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында заңгер мамандығымен сабақтас мамандық

бар. Ол – құқық және экономика негіздері. Кездесуге келген студенттердің басым көпшілігі аталмыш мамандықтың жоғарғы курс студенттері болды.

Елбасы Н. Назарбаевтың Заң үстемдігін қамтамасыз ету мәселесін 5 ауқымды саланың бірі ретінде ұсынуы тегіннен тегін емес. Заң саласындағы реформалар - мемлекет дамуының тежегіші – сыбайлас жемқорлықпен күресуге, адамның іргелі құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуге, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің салтанат құруына, мемлекет билігінің шектелуіне, әділсот билі-

гінің қалыптасуына септігін тигізетін болады. Жастарға осы қағидаларды айта келе, К. Ақшалов сот мамандығының қыр-сырын, жауапкершілігін, ерекшеліктерін түсіндіріп, оның маңыздылығына тоқталып өтті.

Сот төрағасына жиналған жастар өздерінің сауалдарын қойып, толығыра жауаптарын алды. Жұмын соңында болашақ педагогтардың назарына Арқалық қалалық сотының 9 ай ішіндегі жұмыс қорытындысы жайында қысқаша есеп беріліп өтті.

«АХ»

# Ұстаз – жас ұпақтың рухани сәулеткері

Әлемді мейірімділігімен тербеткен ана болса, білім бесгін тербеткен ұлы жан – ол ұстаз. Сондай биік тұлғалардың бірі, құрметті ұстаз, біздің сүйікті мұғаліміміз – Роза Карбоақызы.

Ол – үнемі шәкірттерімен қарымы-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен мақсаттарының орындалуына қол ұшын беретін үлгілі ұстаз. Білім беруде маман ретінде өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық қасиеті мол, педагогикалық шеберлікпен оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген ұлағатты ұстаз. Сол кісінің арқасында шәкірттері биік шыңдардан көрініп жүр.

Токтала кетсек, 7 сыныптан бастап шығармашылық пен білімге тәрбиелеп келе жатқан оқушылары: Дай-



ласында өткен, облыстық «Ы. Алтынсаринның 150 жылдығына» байланысты өткізілген ғылыми жобалар байқауында III орын алды. Хиваз Бейсенбекова қалалық, облыстық ғылыми жобалар сайысында жоғары нәтижелер көрсетіп, республикалық деңгейде «Ерекше жетістік» (4-орын) жүддегері болса, осы бағытта Елдос Мұқатай, Назым Файзулла тарихқа тұнып

шыққан елге пайдасы тиген құрметті азаматтар туралы жоба қорғап, облыстық, аймақтық деңгейлерде мектеп пен ұстаз мақтанышына айналып жүр. Тек шығармашылық жағынан емес, білім жағынан да шәкірттерінің жетістігі көп: Наргиз Сейтмағанбетова Қазақстан тарихы пәні олимпиадасында бірнеше рет қалалық деңгейде жоғары нәтижеге жетіп, об-

сты. Шәкірттерінің мұндай ауыз толтырып айтарлық жетістіктерін тізбектей беруге болады...

Қорықта келе, сүйікті ұстазымызды сол мерекесімен құттықтай отырып, ұзақ өмір, шығармашылық табыс, аспаны ашық, денсаулығы мықты болсын деп тілейміз.

Назым ФАЙЗУЛЛА,  
Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның 11 «А»